

Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қолдау көрсететін азаматтарды ынталандыру жөніндегі қалалық комиссия туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 29 наурыздағы N 235 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласы Әділет басқармасының 2005 жылғы 29 сәуірде N 13-1-13 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 25 маусымда N 783 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2007.06.25 N 783 Қаулысымен

"Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 590-ІІ Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қолдау көрсететін азаматтарды ынталандыру ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1243 Қаулысына сәйкес, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қолдау көрсететін азаматтарды ынталандыру мәселелерін реттеу мақсатымен қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жол кесуге қолдау көрсететін азаматтарды ынталандыру жөніндегі қалалық комиссия туралы қоса берілген Ереже бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімі аппаратының басшысы Б.Қ. Есмановқа жүктелсін.

Қала әкімі

Қ а л а ә к і м і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 5 с ә у і р д е г і N 4
қаулысымен бекітілген

Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қолдау көрсететін азаматтарды ынталандыру жөніндегі қалалық комиссия туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қолдау

көрсететін азаматтарды ынталандыру ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 12 тамыздағы N 1243 Қаулысына сәйкес әзірленген және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстың алдын алуға және жолын кесуге қолдау көрсететін азаматтарды ынталандыруға облыстық бюджеттен бөлінген қаражатты беру мәселелері бойынша Комиссиясының құзырын анықтайды.

2. Комиссиясының мақсаттары және міндеттері

2. Өзіне жүктелген міндеттерді шешу үшін Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) ынталандырудың тәртібін, шарттарын, мерзімдерін бекітеді;
- 2) облыстық бюджет қаражатынан ынталандыру мөлшерін анықтайды;
- 3) облыстық бюджет қаражатынан берілетін ынталандыру мөлшерін ұлғайту жөніндегі мәселені қарайды;

3. Мөлшері белгіленген тәртіппен анықталғаннан асатын берілетін сомалар жөнінде Петропавл қ. әкімдігінің қаулылармен әрбір жоба бойынша жеке анықталады.

3. Комиссияның құқықтары

4. Петропавл қаласы Ішкі істер басқармасының азаматтарды ынталандыру үшін берілетін ұсыныстарын қарайды.

5. Облыстық бюджет қаражатынан ынталандыру төлемақысын төлеуге шешім қабылдайды.

4. Комиссия қызметін ұйымдастыру

6. Комиссияны төраға басқарады, ол комиссия қызметіне басшылық етеді, оның жұмысын ұйымдастырады.

7. Комиссияның құрамын Петропавл қаласы әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

8. Комиссияның шешімі қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. комиссия мүшесі қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, оның өзінің ерекше пікірін айтуға құқықты бар.

9. Комиссия отырыстары қажет болуына қарай, бірақ, кемінде екі айда бір рет өткізіледі.

10. Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді.

5. Комиссияны қайта ұйымдастыру және тарату

11. Комиссияның қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.